



Бекітетін:

Мектеп директоры: Д.М. Елгондина
«28» тамыз 2021 ж

Тексерілді:

ОІЖО: М.Б. Желдибаева
«28» тамыз 2021 ж

Әдістемелік бірлестікте қаралды:

ӘБ жетекшісі: Ә.Е. Ақылбекова
«28» тамыз 2021 ж

Перспективалық күнтізбелік жоспар

(Мектепалды даярлық сыныбы)

Жаратылыстану

Сынып жетекшісі: Желдибаева Марфуға Бактыгулкызы

2021-2022 оқу жылы

Жаратылыстану

Түсінік хат

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген).

Мақсаты: табиғаттың заттары мен құбылыстары туралы бастапқы түсініктерін, физикалық құбылыстар туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- табиғат нысандарын бақылау және қарапайым қорытынды шығару дағдыларын дамыту, олардың кейбір ерекшеліктерін көру және ажырату: сыртқы кейпі, мінез-құлық әрекеті (жануарлар), өсіп-өну жағдайлары (өсімдіктер), – табиғаттағы жеке өзара байланысты көру;
- тұрмыстағы, табиғаттағы экологиялық салауатты мінез-құлықты және жағымсыз қылықтардың неге әкелетінін алдын ала білуді;
- балалардың сөйлеу тілін, зейінін, ойлауы мен бақылау жүргізіп, қарапайым қорытынды шығару білігін қалыптастыру.

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Максаты	Сағат саны	Мерзімі
1	« Мен кімін және қандаймын?»	Бізді не қоршап тұр?	Табиғат және адам жасаған нысандарды ажырата білуге үйрету. Өлі және тірі табиғат туралы, экологияның тірі организмдер үшін маңызы туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	7.09
2		Табиғатта қандай өзгерістер болады?	Табиғаттың әсемдігіне назар аударуға үйрету. Әр мезгілдің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Мезгіл өзгерістеріндегі ауыл шаруашылығындағы еңбектің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін және құбылысына қызығушылықты тәрбиелеу.	1	14.09
3		Нан қайдан келеді?	Нан-бұл адам өміріндегі ең басты тағамның бірі екендігі және оны өсірудің өте қиын екендігі жайлы түсіндіру. Дихандардың еңбегі туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және нанға деген құрмет тәрбиелеу.	1	21.09
4		Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?	Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру. Саңырауқұлақтардың өсуіне қажетті жағдайларды түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту.	1	28.09
5	«Мектепке не үшін барамыз?»	Ағаш және бұта	Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.	1	5.10
6		Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?	Қазақстанның (құлақты кірпі, сары күзен, қарсақ, дала таспакасы, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту.	1	12.10
7		Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?	Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайыңға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге үйретуді дамыту. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	19.10
8		Жыл құстары	Қыстайтын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Құстарға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, оларға қыс мезгілінде қамқорлық жасауға баулу.	1	26.10
9	«Менің айналада кімдер бар?»	Андар қысқа қалай дайындалады?	Андардың қысқы мекені. Жануарлардың қысқы өмірлерімен таныстыру және түсініктерін қалыптастыру. Олардың өміріндегі өзгерістерді және тіршіліктері туралы ой-қабілеттерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту, оларға көмек беруге тәрбиелеу.	1	9.11
10		Терезе алдында не өсіп тұр?	Балаларда бөлме өсімдіктерінің ызғалды қажет етуі туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің бейімделу қасиеттеріне көңілдерін аудару. Бақылағыштық қабілеттерін дамыту, оларды күтіп бағуға тәрбиелеу.	1	16.11
11		Тұқымнан не өсіп шығады?	Тұқымдардан жеміс, көкөніс, ағаш, гүлдер өсетіні туралы түсініктерін нақтылау. Әр өсімдіктердің тұқымын тануға, ажыратуға үйрету. Көкөністерді өсіруге қызығушылығын ояту.	1	23.11

12		Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?	Балаларға өсімдіктердің өсуі үшін судың қажеттілігі туралы таныстыру. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларды «ауа» түсінігімен, оның қасиеттерімен, адам, өсімдіктер өміріндегі рөлімен таныстыру.	1	30.11
13	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесіңбе?	Балаларға табиғат бұрышын мекендеушілерді таныстыру Оларға күтіммен қарау керек екенін түсіндіру. Мекендеушілер туралы алған түсініктерін нақтылау, сыртқы кейпін (түсі, дене құрылысы, тұмсығы), қоректенуін, қимыл-қозғалысы мен тіршілік әрекетін білу.	1	7.12
14		Аквариумда не тіршілік етеді?	Аквариумда тіршілік ететін жәндіктер туралы түсінік беру. Оларға күтіммен қарауға тәрбиелеу.	1	14.12
15		Жануарлардың тіршілігі не үшін қажет?	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасын тигізеді, адам оларға қамқорлық жасайды.	1	21.12
16		Боран қай кезде болады?	Қыс туралы түсініктерін нақтылау және тереңдету: ауа райы жағдайы, табиғат құбылыстары, туралы білімдерін кеңейту.	1	28.12
17	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?	Балаларды мейірімділікке үйрету. Оларды құстарға қамқорлық жасауға баулу, қыста құстарды немен қоректендіретіні туралы қарапайым білім беру.	1	11.01
18		Қар тоқтату жұмысы	Қар қай мезгілде жауатыны туралы түсінік беру. Қардың қалай пайда болатыны туралы білімдерін кеңейту. Әр құбылыстың өзіне тән қасиеті болатыны туралы түсіндіру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту.	1	18.01
19		Үй жануарлардың қандай пайдасы бар?	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасы көптеген туралы білімдерін кеңейту.	1	25.01
20	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Әтеш қай кезде шақырады?	Үй құстары туралы білімдерін кеңейту. Мезгіл туралы түсінік беру. Қай мезгіл екенін ажырата білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын молайту.	1	1.02
21		Асыранды үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз?	Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру. Олардың сыртқы құрылысы ерекшеліктері, қозғалу әдістері, мекендейтін орны бейімделуі туралы балалардың білімдерін жүйелеу. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.	1	15.02
22		Алақай, көктем келді!	Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту. Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру.	1	22.02
23		Ауа не үшін қажет?	Балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және жарықтың тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Таза су-бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы екенін және өсімдіктердің өсуі үшін жарықтың маңызы зор екенін түсіндіру. Таза ауаны, суды қорғауға тәрбиелеу.	1	1.03
24	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Пайдалы қазбалар дегеніміз не?	Балаларға пайдалы қазбалар туралы оның табиғаттың құрамдас бөлігі екендігі туралы түсінік беру. Туған жерді қастерлеуге және қамқор болуға тәрбиелеу.	1	15.03
25		Орман	Орман туралы түсінік беру. Орманның табиғатта ерекше орын алатыны туралы	1	5.04

			түсіндіру Орманда мекендейтін, өсетін өсімдіктерге қарморлықпен қарай білуге тәрбиелеу.		
26		Өсімдіктерді қалай күту қажет?	Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы түсініктерін жалпылау. Бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1	12.04
27		Суда тіршілік ететін жануарлар	Суда тіршілік ететін жануарлармен таныстыру. Олардың пайдасы туралы түсінік беру. Суда мекендейтіндерді ажырата алуға білімдерін кеңейту. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіру.	1	19.04
28	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Көктем белгілері	Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту.	1	26.04
29		Жаңғақ қайда өседі?	Жаңғақ туралы түсінік беру. Олардың қайда өсетіні туралы мағлұмат беру. Денсаулыққа пайдалы екенін ұғындыру. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	3.05
30		Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?	Өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы түсінік беру. Олардың емдік қасиеттері туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктерге деген қызығушылық сезімдерін ояту.	1	10.05
31		Жануарлар жауыннан қалай қорғанады?	Жабайы жануардардың жауыннан қалай қорғанатыны туралы мағлұмат беру. Оларға қамқор жасай білуге тәрбиелеу.	1	17.05
32		Көктемгі табиғаттың өзгеруі	Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру.	1	20.05
33		Ағаштарды не үшін отырғызады	Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру.	1	24.05
		Барлығы		33	